

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«Үлбі металлургия зауыты» АҚ акционеріне және Директорлар кеңесіне:

Біздің пікіріміз

Біздің ойымызша, шоғырландырылған қаржылық есептілік барлық елеулі қатынастарда 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Үлбі металлургия зауыты» АҚ және оның еншілес кәсіпорындарының (бұдан әрі біріге – «Топ» деп аталады) шоғырландырылған қаржылық жағдайын, сондай-ақ Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін Топтың шоғырландырылған қаржылық нәтижелері мен ақша қаражатының шоғырланған қозғалысын анық көрсетеді.

Аудит тақырыбы

Біз, Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, оған кіретіндер:

- 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі пайда немесе шығын және өзге де жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп;
- көрсетілген күнгі жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп;
- көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп;
- көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп; және
- есеп саясатының негізгі ережелерін және өзге де түсіндірме ақпаратты қоса алғанда, шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер.

Пікір білдіруге негіз

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Біздің жауапкершілігіміз көрсетілген стандарттарға сәйкес біздің есептің «Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған.

Біз алған аудиторлық дәлелдер біздің пікірімізді білдіруге негіз болу үшін жеткілікті және тиісті деп санаймыз.

Тәуелсіздік

Біз Бухгалтерлерге арналған этиканың халықаралық стандарттары жөніндегі кеңес шығарған және Қазақстан Республикасындағы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің біздің аудитке қолданылатын этикалық талаптар Кәсіби бухгалтерлердің халықаралық этика кодексіне (БЭХСК Кодексі) (Халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қамтитын) сәйкес Топқа қатысты тәуелсізбіз. Біз өзіміздің шоғырландырылған қаржылық есептілігіміздің аудитіне қолданылатын, Қазақстан Республикасының БЭХСК Кодексі мен этикалық талаптарына сәйкес өзге де этикалық міндеттерді орындадық.

Басшылықтың және корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Басшылық Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес көрсетілген шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау және дұрыс ұсыну үшін және басшылық жосықсыз іс-әрекеттер немесе қателер салдарынан елеулі бұрмалаушылықтарды қамтымайтын шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп есептейтін ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілікті артады.

Шоғырландырылған қаржылық есепті дайындау кезінде, басшылық Топты таратуға ниеттенген оның қызметін жою немесе тоқтатудан басқа нақты балама болмаған кезде немесе оның қызметін тоқтату жағдайларын қоспағанда, Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалағаны үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтерді ашқаны үшін және Қызметтің үздіксіздігі туралы жорамал негізінде есептілік жасағаны үшін жауапкершілікті артады.

Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалар Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігінің дайындалуын қадағалауға жауапты болады.

Шоғырландырылған қаржылық есеп үшін аудитордың жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз шоғырландырылған қаржылық есептілікте жосықсыз іс-әрекеттер немесе қателер салдарынан елеулі бұрмалаулар жоқ екендігіне ақылға қонымды сенімділік алу және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық есепті шығару болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік -бұл жоғары деңгейлі сенімділікті білдіреді, алайда ХАС-қа сәйкес жүргізілген аудит әрқашан олар болған кезде елеулі бұрмалануларды анықтайтындығына кепілдік бермейді. Бұрмалау теріс пиғылды әрекеттердің немесе қателіктердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жекелей немесе жиынтығында пайдаланушылардың осы шоғырландырылған қаржылық есептілік негізінде қабылданатын экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізді түрде болжауға болатын болса, елеулі болып саналады.

ХАС-қа сәйкес жүргізілген аудит шеңберінде біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және бүкіл аудит барысында кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Сонымен қатар, біз мыналарды орындаймыз:

- жосықсыз іс-әрекеттер немесе қателер салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіруге негіз болу үшін жеткілікті және тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдемелерді аламыз. Жосықсыз іс-әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалануды анықтамау тәуекелі қателік нәтижесінде елеулі бұрмалануды анықтамау тәуекелінен жоғары, өйткені жосықсыз іс-әрекеттер сөз байласуды, жалғандықты, қасақана өткізіп жіберуді, ақпаратты бұрмаланған ұсынуды немесе ішкі бақылау жүйесінен тыс іс-әрекеттерді қамтуы мүмкін;
- Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесі туралы түсінік аламыз;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің негізділігін және ақпараттың тиісті ашылуын бағалаймыз;



Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі (жалғасы)

3-бет

- басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы болжамды қолданудың заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдердің негізінде оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты елеулі белгісіздік бар ма, соның нәтижесінде Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне елеулі күмән туындауы мүмкін деген қорытынды жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы қорытындыға келсек, біз аудиторлық есепте шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі ақпаратты тиісті ашуға назар аударуымыз немесе, егер мұндай ақпаратты ашу тиісті емес болып табылса, біздің пікірімізді түрлендіруге тиіс. Біздің тұжырымдарымыз аудиторлық есеп беру күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда, болашақ оқиғалар немесе жағдайлар Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкелуі мүмкін;
- тұтастай алғанда шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ұсынылуына, оның құрылымы мен мазмұнына, ақпаратты ашуды қоса алғанда, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің оның негізінде жатқан операциялар мен оқиғалардың дұрыс берілуі қамтамасыз етілетіндей ұсынылуына бағалау жүргіземіз;
- шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы өз пікірімізді білдіру үшін ұйымның қаржылық қызметіне не Топтың ішіндегі қызметіне қатысы бар лайықты жеткілікті аудиторлық дәлелдерді аламыз. Біз Топтың аудитіне басшылық ету, бақылау және жүргізу үшін жауап береміз. Біз өзіміздің аудиторлық пікіріміз үшін толық жауапты боламыз.

Біз корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалармен аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер, оның ішінде аудит процесінде анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы ақпаратты олардың назарына жеткізе отырып, ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асырамыз.

«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС атынан,

Бекітілді:

Қол қойылды:

Азамат Конратбаев
«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС
Басқарушы директоры
(Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрлігінің
1999 жылғы 21 қазандағы №00000005
Бас мемлекеттік лицензия)

Аудитор-орындаушы
(28 желтоқсан 2015 жылғы №0000315
Аудитордың біліктілік куәлігі)

20 ақпан 2026 жыл

Алматы, Қазақстан